

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК «Мейіргер ісі-2» бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша

18 қазан 2023 жыл

Шымкент қаласы

ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК «Мейіргер ісі – 2» бөлімінің (бұдан әрі – Бөлім) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңі: 2023 жылғы 18 қыркүйек - 2023 жылғы 18 қазан аралығында.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың қамтитын кезең: 2022 жылғы 01 қыркүйек - 2023 жылғы 18 қыркүйек.

- | | | |
|-------------------------------------|---|----------------------------------|
| 1. Құрбанов Ерланқожа
Баққожаұлы | – | Комплаенс офицер, топ жетекшісі; |
| Ниятуллаев Нурбол
Абуталипович | – | Заңгер-кеңесші, топ хатшысы; |

Жұмыс тобының мүшелері

- | | | |
|--|---|--|
| 2. Абишев Галымжан
Мотаевич | – | Колледж директоры; |
| 3. Султанов Мейрбек
Алибекович | – | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары; |
| 4. Ешова Гулжамила
Алпысбаевна | – | Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары; |
| 5. Булдырыкова Айнур
Кожаметовна | – | Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; |
| 6. Нурдаулетова Гульмира
Тойшибековна | – | Директордың экономика ісі жөніндегі орынбасары; |

- | | | |
|--------------------------------|---|---|
| 7. Жақсыбек Дәурен Жақсыбекұлы | – | Мамандар бөлімінің меңгерушісі; |
| 8. Поштаева Жанар Аргинбаевна | – | Бас есепші; |
| 9. Хамитова Айнур Жалеловна | – | Оқу үрдісін цифрландыруды дамыту орталығының меңгерушісі. |

«Мейіргер ісі-2» бөлімінің қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау бойынша:

Бөлімде 24 қызметкер жұмыс атқарады, (1 - бөлім меңгерушісі, 20 - оқытушы, 3 - зертханашы) бөлім қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесінде анықталмады. ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК-на жұмысқа қабылдау барысында үміткерлерден Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексі» 26-бап 2 тармақ 2 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Электронды үкімет» порталы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» Egov порталы арқылы жұмысқа қабылданған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасағаны немесе жасамағаны туралы анықтама талап етілген.

Мүдделер қақтығысы бойынша:

2023 жылдың 28 қыркүйегінде жұмыс тобының мүшелерінің қатысуымен Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу мақсатында отырыс өткізілді.

Отырыс қортындысына сәйкес Бөлім қызметінде жаңадан қабылданған қызметкерлер мен тікелей басқарушылық өкілеттіктерге ие басшылар арасында мүдделер қақтығысы туындайтын жағдайлар анықталмады.

Бөлімінің мемлекеттік қызметтер көрсету аясында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтау бойынша:

Колледж тарапынан келесідей мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау;
2. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың тел нұсқаларын беру;
3. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақханадан орын беру;
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;

5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;
6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (*қамқоршылықтағы*) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну;
7. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру.

Бөлім осы аталған мемлекеттік қызметтерді көрсетпейді.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлуде жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Бөлімде бюджет қаражаты, ақылы түрдегі қаражатты игеру және бөлу қызметтерін көрсетпейді.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу Бөлім құзіретіне кірмейді.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша:

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Бөлімінің оқытушылары мен білім алушылары арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Бөлімде 489 білім алушы оқиды. «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігі мен «Мейіргер ісі» мамандығының оқу мерзімі – 3 жыл 6 ай.

«Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» (*жеделдетілген*) біліктілігімен «Мейіргер ісі» мамандығының оқу мерзімі – 1 жыл 6 ай.

Бөлімде оқу барысы 2020 жыл, 2021 жыл, 2023 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, орта білімнен кейінгі қолданбалы бакалавриаттың типтік кәсіби оқу бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

Оқу пәндерінің бақылау нысаны: Сараланған сынақ, емтихан, объективті құрылымдық клиникалық емтихан (ОҚКЕ), курстық жұмыс, дипломдық жұмыс жазылады.










Бөлімде оқытушылар мен білім алушылары арасында Оң баға қою, емтихандар мен сынақтарды тапсыру кезінде, дәлелсіз себептермен сабақ өткізіп алған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар.

Талдау жүргізу барысында 2023 жылдың 25 қыркүйекте Бөлім білім алушыларының тіркеу журналын тексеру барысында білім алушылар М.Б. Нарзиева және Б.Ж. Арапбай оқу орнында болмағандары анықталды.

Білім алушылар Б.Ж.Арапбай 2023 жылы 25 қыркүйекте және М.Б.Нарзиева 26 қыркүйекте Колледжге келіп, өздерінің түсініктемелерінде а.ж. 07-23 қыркүйек аралығында шетелде болғандарын көрсеткен. Аталған білім алушылар 06 қыркүйек күні топ жетекшісі А. Орынбайды шетелге шығатындары жайлы ескерткенін өз түсініктемелерінде жазған.

Топ жетекшісі А.Орынбайдың түсініктемесінде білім алушылар а.ж. 06 қыркүйек күні келіп, 07 қыркүйектен бастап сабаққа келмейтіндері туралы хабардар болғанын көрсеткен.

Бұл жерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің көрінісі бар. Орын алған оқиға бойынша топ жетекшісіне тәртіптік шара қолданылды. Білім алушылардың ата-аналарымен тиісті жұмыстар жүргізілді.

Г. Абишев 
М. Султанов 
Г. Ешова 
А. Булдырыкова 
Г. Нурдаулетова 
Д. Жаксыбек 
Ж. Поштаева 
А. Хамитова 
Е. Құрбанов 
Н. Ниятуллаев 